БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6В07119 Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша)
код және білім беру бағдарламасының атауы

Дәрежесі: *бакалавриат*

«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
Директорлар кеңесімен бекітілген «02» 04 2025 ж.
хаттама № 3

«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
Ғылыми кеңесімен ұсынылған «28» 03 2025 ж.
хаттама № 8

Астана-2025

©«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ зияткерлік меншігі болып табылады
Қайта басып шығаруға және / немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз 3
Келісу парағы 4
1 Білім беру бағдарламасының паспорты 5
2 Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасы 5
3 Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар 6
4 Қосымша білім беру бағдарламалары (minor) 6
5 Білім беру бағдарламасының құзыреттілік картасы 7
6 Білім беру бағдарламасы мен модульдердің оқыту нәтижелері 9
7 Білім беру бағдарламасы бойынша қалыптастырылатын оқыту нәтижелері мен оқу пәндерінің өзара байланысы 20
8 Модуль шеңберінде оқытудың жоспарланған нәтижелерін бағалау технологияларымен және оқыту әдістерімен үйлестіру 36
9 Кәсіби стандарттардың еңбек функцияларына білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін сәйкестендіру 39
10 Түлек моделі 40
11 Типтік оқу жоспары (ББББ-ға қосымша) 41
12 Сараптамалық қорытынды 47

Алғы сөз

«6В07119 Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген, жоғары білімнің / жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес, сондай-ақ кәсіби стандарттар негізінде «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының міндетін атқарушының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1 бұйрығымен бекітілген «Сынақтарды өткізу», 07.08.2023ж. № 27 қосымша № 125 әзірленді.

«6В07119 Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы 2025 жылғы «27» 03 Академиялық сапа жөніндегі кеңес мәжілісінде мақұлданған, хаттама № 4
Төраға Байболова Л.К. _____

«6В07119 Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы 2024 жылғы «29» 11 факультеттің Академиялық сапа жөніндегі комиссиясының мәжілісінде келісілген, хаттама № 2
Төраға Жунусова Г.С. _____

«6В07119 Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы 2024 жылғы «21» 10 «Технология және стандарттау» кафедрасының мәжілісінде әзірленген және талқыланған, хаттама № 3
Кафедра меңгерушісі Байтукенова С.Б. _____

Келісу парағы

Білім беру бағдарламасы «6В07119 Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша)»

МАҚҰЛДАНДЫ:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	Э. Аскарбеков	"27" 03 2025 ж.
ББББ басқармасының басшысы МО	Б. Баядилова	"27" 03 2025 ж.
Төраға «Халал Индустрия қауымдастығы» ЗТБ, Астана қаласы МО	М. Сарсенбаев	"21" 10 2024 ж.
Директор «Барыс «РА» ЖШС, Астана қаласы МО	С. Хайрлиева	"21" 10 2024 ж.
Директор «НӘРЛІ ЛТД» ЖШС, Астана қаласы МО	А. Муканова	"21" 10 2024 ж.
Директор ТОО «Дареджани» Астана қаласы МО	А.Узакбаева	"21" 10 2024 ж.
Директор «СТРОЙ ИНЖИНИРИНГ – НТ» ЖШС Астана қаласы МО	Н.Кожахметова	"21" 10 2024 ж.
Білім алушы ТМО -232	А.Уразалиев	"21" 10 2024 ж.

1 Білім беру бағдарламасының паспорты

Халықаралық білім берудің стандартты жіктемесі (ББХСК) бойынша деңгейі	6
Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ)бойынша деңгейі	6
Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) бойынша деңгейі	6
Білім беру саласының коды және атауы	6В07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
Дайындау бағыты	6В071 Инженерия және инженерлік іс
Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі және атауы тобы	В064 Механика және металл өңдеу
ББББ коды және атауы	6В07119 Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша)
ББББ бейіні	Жоғары инженерлік білім
ББББ мақсаты	Жабдықтарды, агрегаттарды, машиналар мен аппараттарды техникалық қызмет көрсету, пайдалану, жөндеу саласында қоғамдық тамақтандыру, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары үшін технологиялық процестерді автоматтандыру және механикаландыру саласында, сондай-ақ қазіргі заманғы техниканы жобалау және игеру дағдыларын меңгерген жоғары білікті, бәсекеге қабілетті бакалаврларды даярлау
ББББ аяқтау өлшемі	240 академиялық кредит
ББББ оқу тілі	орыс, қазақ
ББББ айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес ЖОО	-

2 Білім беру бағдарламасын бітірушінің біліктілік сипаттамасы

Берілетін дәреже	«6В07119 Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы бойынша техника және технологиялар бакалавры
Кәсіби қызмет саласы	Өндірістік, басқарушылық, ғылыми-зерттеу, білім беру
Кәсіби қызмет түрлері	- есептік-жобалық; - өндірістік-технологиялық; - эксперименттік-зерттеу; - ұйымдық-басқарушылық; - монтаждау-баптау; - тамақ және қайта өңдеу өндірістері саласындағы сервистік-пайдалану.
Кәсіби қызмет нысаны	Сүт, ет, консерві, нан пісіру, кондитерлік, сыра қайнату, қант тазартқыш, макарон, ұн тарту және басқа да қоғамдық тамақтандыру салаларының кәсіпорындары. Жобалау ұйымдары, ғылыми-зерттеу институттары, әртүрлі меншік нысандарындағы компаниялар мен фирмалар.
Кәсіби қызмет міндеттері	- Машиналар мен аппараттарды пайдалану және қызмет көрсету; - жөндеу жұмыстарын жүргізу сапасын бақылау және қадағалау; - машиналар мен аппараттардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету,

	жаңа жабдықты жобалауға немесе қолданыстағы жабдықты реконструкциялауға байланысты олардың негізгі сипаттамалары мен пайдалану параметрлерін есептеу; -ағындық желілердің ағымдағы, ұзақ мерзімді жоспарлы-алдын алу жөндеулерін, машиналарға, жабдықтарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді, жаңғырту және техникалық жарақтандыру бағдарламаларын жасау және қалыптастыру; - оның сенімділігі мен жұмысқа қабілеттілігін бағалау мақсатында түрлі технологиялық мақсаттағы тамақ және қайта өңдеу жабдықтарын зерттеу; - жабдықтарды сынауға және оларды пайдалануға енгізуге байланысты инновациялық әзірлемені құрудың техникалық жобасын әзірлеу және келісу, сондай-ақ техникалық құжаттаманы жасау; - техникалық тапсырманы талдау және техникалық жобалауға дайындау және қажетті ақпаратты, техникалық деректерді, жұмыс көрсеткіштері мен нәтижелерін жүйелеу. Заманауи компьютерлік құралдарды қолдана отырып, қажетті есептеулер жүргізу; - әзірленіп жатқан жобалар мен техникалық құжаттаманың стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау, сәйкестігін бағалауды жүргізу.

3 Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар

Цикл және пән атаулары	Академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы
Жалпы білім беретін пәндер циклы (ЖБП)	**56**
Міндетті компонент	51
Жоғары оқу орны компоненті	5
Базалық пәндер циклы (БП)	**89**
Жоғары оқу орны компоненті	33
Таңдау компоненті	49
Кәсіптік практика	7
Бейіндеуші пәндер циклы (БеП)	**87**
Жоғары оқу орны компоненті	10
Таңдау компоненті	65
Кәсіптік практика	12
Қорытынды аттестаттау	**8**
Барлығы	**240**

4 Қосымша білім беру бағдарламалары (minor)

4.1 Minor «Жасанды интеллектті қолданудың қазіргі заманғы аспектілері»

Пәндердің атауы	Академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы
Жасанды интеллектке кіріспе	5
Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу	5
Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект	5
Барлығы	15

5 Білім беру бағдарламасының құзыреттілік картасы «6B07119 Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша)»

Құзыреттілік түрі	Оқыту нәтижесінің коды	Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	ОНЖББҚ1	Дүниетанымы кең, ойлау мәдениеті бар тұлғаны қалыптастыратын қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білімін көрсетеді.
	ОНЖББҚ2	Қоғамның әлеуметтік даму тенденциялары мен әлеуметтік нормаларға, дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтар туралы білімін көрсетеді және әртүрлі әлеуметтік жағдайларда және кәсіби қызметте оларды басшылыққа алады.
	ОН1	Басқарушылық және техникалық шешімдерді қабылдау кезінде энергия мен қалдықтарды тиімді басқару үшін экономика, құқық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, кәсіпкерлік дағдылары мен қаржылық сауаттылық саласындағы құзыреттерді қалыптастырады.
Сандық құзыреттіліктер (Digital skills)	ОНЖББҚ3	Кәсіби мәселелерді шешу үшін цифрлық технологияларды, құралдарды, негізгі әдістер мен теорияларды қолданады, сонымен қатар тұлғааралық және мәдениетаралық өзара әрекеттесу мәселелерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерін білуін көрсетеді.
	ОН2	Техникалық шешімдерді есептеуді, жобалауды және оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып, кәсіби қызметте іргелі жаратылыстану-ғылыми және инженерлік білімдерді қолданады
	ОН3	Өндірістік процесс талаптарына сәйкес дұрыс таңдау, пайдалану және техникалық қызмет көрсету үшін технологиялық жабдықтың жұмыс істеу қағидатын, құрылымдық ерекшеліктері мен техникалық сипаттамаларын талдайды
	ОН4	Өндірістік жүйелердің жұмысын оңтайландыру және тиімділігін арттыру үшін түрлі технологиялық процестердегі жабдық конструкциясы мен оның функционалдылығының өзара байланысын анықтайды
	ОН5	Машина жасау процестерін автоматтандыруға және оңтайландыруға бағытталған технологиялық машиналардың параметрлерін модельдеу және есептеу үшін бағдарламалық, сандық құралдар мен зияткерлік технологияларды қолданады
	ОН6	Сенімділікті арттыру, қызмет ету мерзімін ұзарту және өндірістік процестердегі тоқтап қалуларды барынша азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу үшін конструкциялар мен пайдалану режимдерінің әлсіз жерлерін анықтай отырып, жабдықтың мүмкін болатын ақауларының себептерін талдайды
Кәсіби құзыреттіліктер	ОН7	Экологиялық және метрологиялық нормативтерге сәйкес келетін технологиялық жабдықты жобалап, тамақ

(Hardskills)		өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етеді
	ОН8	Технологиялық жабдықтардың іске қосу-реттеу жұмыстарың, параметрлерді баптауды және сынақ іске қосуларың қоса алғанда, техникалық сипаттамалар мен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді
	ОН9	Энергия тиімділігі, сенімділік, қауыпсіздік және сапа талаптарын ескере отырып технологиялық техникалық пайдалану талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

6 Білім беру бағдарламасы және модульдердің оқу нәтижелері

Маңызды құзыреттіліктер	Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері (ОН)	Модуль атауы	Модуль ОН	Оқыту нәтижелерін қалыптастыратын пәндердің атауы
Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	ОН$_{ЖББК1}$ Дүниетанымы кең, ойлау мәдениеті бар тұлғаны қалыптастыратын қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білімін көрсетеді. ОН$_{ЖББК2}$ Қоғамның әлеуметтік даму тенденциялары мен әлеуметтік нормаларға, дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтар туралы білімін көрсетеді және әртүрлі әлеуметтік жағдайларда және кәсіби қызметте оларды басшылыққа алады.	Өздігінен білім алу және жеке тұлғаны дамыту	Денсаулықты сақтаудағы және оңтайлы кәсіптік көрсеткіштерді сақтаудағы дене тәрбиесінің рөлін түсінетіндігін көрсетеді	Дене шынықтыру
			Әлеуметтік нормаларға, дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға негізделген қоғамның әлеуметтік даму тенденциялары мен әлеуметтік-этикалық құндылықтар туралы білімін көрсетеді және әртүрлі әлеуметтік жағдайларда және кәсіби қызметте оларды басшылыққа алады.	Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)
			Қазақстан тарихы мен философиясы туралы білімдерін әлемді танудың ерекше нысаны ретінде көрсетеді және кең ой-өрісі мен ойлау мәдениеті бар тұлғаны қалыптастырады.	Философия
				Қазақстан тарихы
	ОН$_{ЖББК3}$ Кәсіби мәселелерді шешу үшін цифрлық технологияларды, құралдарды, негізгі әдістер мен теорияларды қолданады, сонымен қатар тұлғааралық және мәдениетаралық өзара әрекеттесу мәселелерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерін білуін көрсетеді.	Ақпараттық-коммуникативтік	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мәнін, мазмұнын және даму тенденцияларын түсіндіре алады. Заманауи технологиялармен жұмыс жасауда жеткілікті дағдыларға ие, кәсіби қызмет саласында ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалана алады.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
			Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілетін дамытады	Шет тілі
				Қазақ (Орыс) тілі
	ОН1 Басқарушылық және техникалық шешімдерді қабылдау	Өздігінен білім алу және жеке	Негізгі экономикалық және құқықтық қағидаларды, қаржылық хабардарлықты пайдалана және мінез-құлықта	Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық

	кезінде энергия мен қалдықтарды тиімді басқару үшін экономика, құқық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, кәсіпкерлік дағдылары мен қаржылық сауаттылық саласындағы құзыреттерді қалыптастырады.	тұлғаны дамыту	азаматтық жауапкершілікті көрсете отырып, кәсіби қызметте экономика және құқық білімін, сондай-ақ кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық дағдыларын қолданады.	сауаттылық модулі (Экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері)
		Экономика және өндіріс	Өндіріс деңгейін талдауға, кәсіпорынның тиімділігін бағалауға, шығындарды жоспарлау стратегияларын әзірлеуге және кәсіпорынның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын арттыру үшін бизнес-процестерді оңтайландыруға қабілетті.	Кәсіпорындағы экономика және жоспарлау
Сандық құзыреттіліктер (Digital skills)			Қалдықтарды басқару, экожүйелерді қалпына келтіру, қоршаған ортаға тәуекелдерді азайту, "жасыл экономикаға" инвестициялар, энергияны үнемдейтін технологиялар, сондай-ақ осы факторлардың өмір сапасына, білімге және халықаралық экологиялық стандарттарға сәйкестігіне әсерін қоса алғанда, ұлттық стратегиялар мен бизнес-үдерістерге орнықты даму қағидаларының интеграциялану дәрежесін талдайды және бағалайды.	Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі
			Сапаны тексеру және дайын өнімнің сапасын арттыруды бақылауды оңтайландыру процестеріне қатысу дағдыларын игеру. өндірістің барлық кезеңдерінде сапа менеджменті жүйесін өндіріске, бақылауға және нормативтік талаптарды сақтауға енгізуге қабілетті Өнімнің негізгі техникалық және конструкторлық сипаттамаларын, олардың сапасын басқаруды бағалаудың принциптері мен әдістерін, сондай-ақ сапа көрсеткіштерін таңдау ерекшеліктерін білуін көрсетеді.	Сапа менеджменті жүйелері/ Машина жасау өнімдерінің сапасын басқару

		Инженерлік	Ғылыми-техникалық және патенттік ақпаратты қамтитын дереккөздерді іздеу әдістерін қолданады. Алынған нәтижелерді өңдеу, талдау және қолда бар мәліметтерді ескере отырып түсіну.	Патенттану
	ОН2 Техникалық шешімдерді есептеуді, жобалауды және оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып, кәсіби қызметте іргелі жаратылыстану-ғылыми және инженерлік білімдерді қолданады	Жаратылыстану ғылымдары	Негізгі математикалық ұғымдар мен формулаларды меңгереді, алған білімдерін қолданбалы сипаттағы есептерді шешуде және модельдерді құруда математикалық әдістерді қолданады. .	Жоғары математика
			Негізгі физикалық заңдылықтарды және олардың технологияда қолданылуын түсінеді; инженерлік есептерді шешу, техникалық жүйелер мен құрылғыларды әзірлеу және пайдалану үшін физикалық өлшеулер, модельдеу және талдау әдістерін қолдануға қабілетті.	Физика
			Атомның электрондық құрылымының орнынан және химиялық элементтердің периодтық жүйесіндегі орнынан химиялық элементтердің қасиеттерін түсіндіреді; металдар мен бейметалдардың және олардың қосылыстарының құрылысын, физикалық-химиялық қасиеттерін, алу әдістерін салыстырады. Ерітінділерде өтетін процестерді сипаттайды: электролиттік диссоциация, гидролиз, тотығу-қалпына келтіру реакциялары және электрохимиялық процестер; Құрылысын, физикалық және химиялық қасиеттерін, металдар мен металл еместерді алу тәсілдерін салыстырады; Органикалық қосылыстардың айналу механизмін және органикалық қосылыстардың құрылымы мен реакциялық қабілеті арасындағы өзара байланысты түсіндіреді.	Жалпы химия / Органикалық және бейорганикалық химия
		Инженерлік	Оқу-зерттеу жұмыстарын ресімдеу үшін ғылыми-техникалық ақпаратты қамтитын көздерді іздеу әдістерін қолданады.	Білімалушының оқу-зерттеу жұмыстары
			Конструкциялар элементтерінің беріктігі мен қаттылығын	Теориялық және

			есептеу әдістерін пайдалана отырып, механизмдердің кинематикалық схемаларын, олардың механикалық беріліс түрлерін сипаттайды	қолданбалы механика
	ОН3 Өндірістік процесс талаптарына сәйкес дұрыс таңдау, пайдалану және техникалық қызмет көрсету үшін технологиялық жабдықтың жұмыс істеу қағидатын, құрылымдық ерекшеліктері мен техникалық сипаттамаларын талдайды		Әртүрлі деформация кезінде беріктікке, қаттылыққа және орнықтылыққа машиналардың конструкциялары мен бөлшектерінің элементтерін тексеру және жобалау есептерін орындайды.	Материалдар кедергісі
			Тораптар мен механизмдердегі бөлшектердің механикалық қозғалысының геометриялық және кинематикалық сипаттамаларын анықтауға қабілетті, машина бөлшектерін таңдау және есептеу саласында құзыретті. Бөлшектердің, машина тораптарының есептеулерін жүргізе отырып, конструкциялар мен жабдық тораптары жұмысының сенімділігі, беріктігі, үнемділігі мен қауіпсіздігінің жоғары көрсеткіштерін қамтамасыз ететін конструкциялық материалдар мен конструкциялық нысандарды дұрыс таңдай алады.	Конструкциялық негіздері / Машина бөлшектері
			Рычагты, тісті, жұдырықшалы механизмдерді, айналмалы қозғалыс механизмдерін есептеу және жобалау дағдыларын меңгерген.	Машиналар мен механизмдер теориясы
			Технологиялық машиналардың және жабдықтардың мақсаты, жіктелуі, құрылысы және жұмыс істеу принципі туралы білімін көрсетеді. Технологиялық жабдықты құрастырудың практикалық дағдыларын меңгерген.	Технологиялық жабдық (салалар бойынша)
			Болашақ кәсіби қызмет туралы түсінікті қалыптастырады, алынған теориялық білімді практикада қолданады, зерттеу қызметінде алғашқы дағдыларды игереді.	Оқу практикасы
	ОН4 Өндірістік жүйелердің жұмысын оңтайландыру және тиімділігін арттыру үшін түрлі технологиялық процестердегі	Есептік-жобалық	Машиналар мен аппараттардың мақсатын, қолданылу саласын, жіктелуін, жұмыс істеу қағидатын білетін білім алушы дайын өнімді шығарудың ең аз шығынымен және жоғары сапасымен өндірістегі технологиялық процесс	Тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттары / Тамақ өндірісінің

	жабдық конструкциясы мен оның функционалдылығының өзара байланысын анықтайды		режимін таңдауға қабілетті. Технологиялық машиналар мен жабдықтар жұмысының негізгі қағидаттарын, олардың конструктивтік ерекшеліктері мен техникалық сипаттамаларын сипаттайды	гидромеханикалық процестерінің машиналары мен жабдықтары
			Білімалушы конструкцияларды таңдай алады, белгілі бір технологиялық процестерге арналған машиналар мен құрылғылардың есептеулерін жүргізе алады, машиналар мен құрылғылардың қызмет ету мерзімін есептей алады, сол арқылы ең аз шығынмен және дайын өнімнің жоғары сапасымен еңбек өнімділігін арттырады. Масса алмасу және жылу алмасу процестерін есептеудің теориялық негіздерін және олардың мақсатын сипаттай отырып, тамақ өндірісінің процестерін кластарға, топтарға және түрлерге жіктей алады.	Қайта өңдеу өндірістерінің машиналары мен аппараттары / Тамақ өндірісінің жылу-масса алмасу процестерінің машиналары мен жабдықтары
			Гидромеханикалық, механикалық процестерді есептеудің теориялық негіздерін білуін көрсете отырып, тамақ өндірісінің процестерін кластары, топтары және түрлері бойынша жіктеуге қабілетті. Білімалушылар гидравликалық және газдық жүйелерді жобалай алады, олардың негізінде инженерлік есептеулер жүргізе алады, сұйықтықтар механикасында есептерді шығару әдістерін қолдана алады.	Гидропневматикалық машиналар мен жетектер / Сұйық және газ механикасы, гидро және пневможетек
			Өндірістің технологиялық жүйесін автоматтандыруды басқару тәсілі және технологиялық процесс пен еңбек қауіпсіздігі талаптарын ескере отырып, автоматтандыру құралы бойынша міндеттерді дербес шешуге қабілетті.	Саланың технологиялық процестерін автоматтандыру
			Кәсіпорынның қызметін, құрылымын, мақсатын, жіктелуін, технологиялық машиналардың құрылымы мен жұмыс принципін, тікелей өндірістегі қауіпсіздік техникасын зерделейді, бұл кәсіпте жақсы бағдарлауға мүмкіндік береді.	Өндірістік практика 1

	ОН5 Машина жасау процестерін автоматтандыруға және оңтайландыруға бағытталған технологиялық машиналардың параметрлерін модельдеу және есептеу үшін бағдарламалық, сандық құралдар мен зияткерлік технологияларды қолданады	Технологиялық	Пәнді зерделеу кезінде білім алушылар 3D объектілерді, схемаларды және басқа да техникалық құжаттарды модельдеу және құру үшін компьютерлік графиканың бағдарламалық құралдарын пайдалана отырып, техникалық идеяларды қолданады.	Инженерлік және компьютерлік графика
			Жасанды интеллект жүйесін әзірлейді және бағдарламалық түрде жүзеге асырады, жасанды интеллект жүйелерін жобалайды, Машиналық оқыту және нейрондық желілер теориясының маңызды ұғымдары мен терминдерін қолданады, деректерді өңдеу үшін бұлтты технологияларды қолданады.	Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу
			Өндірістік процесті автоматтандырылған басқару жүйелерін, жалпы машина жасауды басқару жүйесін дамыта және қолдана отырып, есептеулер жүргізіп, Құрылымдық материалдардың механикалық қасиеттерін біле отырып, жалпы мақсаттағы машиналардың жаңа типтік бөлшектері мен құрастыру бірліктерін құрастырады	Робототехникалық жүйелер механикасы
			Жобаларды құру және талдау үшін заманауи бағдарламалық өнімдермен жұмыс істеуге, сондай-ақ жобалау процестерін оңтайландыру және дайын өнімнің сапасын жақсарту үшін автоматтандырылған құралдарды тиімді пайдалануға қабілетті. Өндіріс тиімділігі мен өнім сапасын арттыру үшін металл өңдеу процестерін автоматтандыру мен оңтайландырудың әртүрлі аспектілерімен жұмыс істей алады.	Автоматтандырылған жобалау жүйесі / Металл өңдеудегі автоматты басқару теориясы
			Жасанды интеллект модельдерін құру және тестілеу үшін бағдарламалық құралдарды нақты жобаларда, соның ішінде модельдерді практикалық қосымшаларға біріктіруде қолданады.	Жасанды интеллектке кіріспе
			Жасанды интеллекттің дамуын реттейтін этикалық принциптер мен стандарттарды біледі. Ұжымның	Объектілерді басқарудағы жасанды

			жұмысын ұйымдастыруға және жасанды интеллект саласында жаңа өнімдер жасау және қолданыстағы компанияларды цифрлық трансформациялау талаптарына бейімдеу жөніндегі міндеттерді қоюға қабілетті.	интеллект
			Компьютерлік модельдеудің көмегімен құрылымдық бөлшектер мен тораптарды жобалау кезінде оңтайлы инженерлік шешімдерді табады, құрылымдық элементтер мен механизмдердің беріктігі, сенімділігі, сыртқы күштердің әсерінен материалды таңдау үшін инженерлік есептеулер жүргізеді.	Компьютерлік модельдеу әдістерімен машина бөлшектерін жобалау
			Өндірістік практика тағам және қайта өңдеу кәсіпорындарында жабдықтарды монтаждауды, техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді, реттеуді жүргізуде практикалық дағдылар мен іскерліктерді қалыптастырады.	Өндірістік практика 2
Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	ОН6 Сенімділікті арттыру, қызмет ету мерзімін ұзарту және өндірістік процестердегі тоқтап қалуларды барынша азайту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу үшін конструкциялар мен пайдалану режимдерінің әлсіз жерлерін анықтай отырып, жабдықтың мүмкін болатын ақауларының себептерін талдайды	Өндірістік	Материалды өз бетінше таңдау және оның сапалық параметрлерін бағалау, дайындаманы немесе машина жасау бұйымын алу және өңдеу үшін құрал-саймандарды, жабдықтар мен құрылғыларды таңдау, ықтимал ақауларды болжау дағдыларын дамытады. Материалды дербес таңдайды және оның сапалық параметрлерін бағалайды, дайындаманы немесе машина жасау бұйымын алу және өңдеу, ықтимал ақауларды болжау үшін құрал-саймандарды, жабдықтар мен құрылғыларды таңдау дағдыларын дамытады.	Материалтану / Құрылымдық материалдар мен термоөңдеу
			Білім алушы технологиялық машиналардың пайдалану көрсеткіштеріне сенімділіктің оңтайлы параметрлерін айқындай отырып, машиналар мен жабдықтардың сенімділік көрсеткіштерін есептеуді жүргізеді. Механикалық, климаттық және биологиялық факторлардың әсеріне сынақ жүргізу әдістемесі мен технологиясын біле отырып, ол өнімнің немесе	Технологиялық машиналардың сапасы мен сенімділігі / Сынақ және сынақ жабдықтары

			жабдықтың сапасына баға бере алады.	
			Білім алушы АИ технологияларын пайдалана отырып, пайдаланудағы жабдықтың жай-күйін анықтауға және техникалық қызмет көрсетуді нақты қашан жүргізу керектігін бағалауға қабілетті. Тамақ және өңдеу өнеркәсібіндегі жабдықтарды бақылау және диагностикалау, технологиялық жабдықтың сенімділігін арттыру әдісін таңдау үшін қажетті әдістер мен құралдарды пайдалана отырып ережелерді жасай алады.	Машина жасаудағы болжамды диагностика / Технологиялық жабдықтың техникалық диагностикасы
			Технологиялық машиналар мен жабдықтарды жасау мен жөндеудің технологиялық процесін біле отырып, механизм бөлшектерінің зақымдану себебін және оны ауыстыруды анықтай алады.	Технологиялық машиналарды жөндеу
	ОН7 Экологиялық және метрологиялық нормативтерге сәйкес келетін технологиялық жабдықты жобалап, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етеді	Экономика және өндіріс	Білімалушы шикізат пен дайын өнімге жүргізілген зерттеулер бойынша сертификаттау құжатын жасау кезінде өз пікірін айта алады. Өнім сапасы көрсеткіштерінің құрамын анықтай отырып және өнімнің сапасы туралы деректерді талдау әдістерін және ақау себептерін табу тәсілдерін пайдалана отырып, өлшеу құралдарын қолдана отырып, өнімнің сақтығы бойынша шаралар жүргізе алады.	Тамақ өндірісі технологиясының негіздері / Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі және сапасы
			Өлшеу құралдарын салыстырып тексеру, калибрлеу, метрологиялық аттестаттау, әртүрлі физикалық шамаларды өлшеу схемасын талдау, өлшеу нәтижелерін өңдеу және олардың дұрыстығын, өлшеу қателіктерін талдау бойынша білімін көрсетеді. Бақылау-өлшеу құралдарының теориялық және	Өндірістегі метрологиялық қамтамасыз ету / Метрология

			практикалық білімін қолданады, өлшем құралдарын тексеру және калибрлеу үшін нормативтік құжаттарды пайдаланады, сондай-ақ өлшеу нәтижелерін өңдейді, эталондарды сипаттайды, өлшем түрін анықтайды	
			Ақпаратты жинау, жабдықты жобалау кезінде оңтайлы шешімді таңдау, өнімнің сапасын арттыру үшін технологиялық жабдықтың типтік тораптарын жобалау кезінде есептеулер жүргізу дағдысы бар. Әдістемелік және нормативтік материалдармен жұмыс істеуді, технологиялық жобалаудың техникалық шарттары мен стандарттарын, есептеулер мен жабдықтарды таңдауды біледі.	Тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттарын есептеу және құрастыру / Тамақ өнеркәсібіндегі энергияны үнемдейтін технологиялар
	ОН8 Технологиялық жабдықтардың іске қосу-реттеу жұмыстарын, параметрлерді баптауды және сынақ іске қосуларын қоса алғанда, техникалық сипаттамалар мен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді	Өндірістік	Қауіпсіздік ережелерін, қызметкерлерді оқыту, оқыту және қауіпті факторларды азайту бойынша іс-шараларды әзірлеу тәртібін біледі. Авариялардың алдын алу және ықтимал шығындарды азайту бойынша технологиялық процестер мен өндірістерді зерттеумен, әзірлеумен, жобалаумен, құрастырумен, іске асырумен және басқарумен байланысты қызметтің барлық түрлерін жүргізудің жедел жоспарын әзірлеуге қабілетті.	Қайта өңдеу өндірістері кәсіпорындарындағы қауіпсіздік техникасы / Өнеркәсіптік қауіпсіздік
			Өндірісте электр қауіпсіздігін сақтай отырып, электр техникалық жабдықты пайдалана отырып, өндірісте энергия және ресурс үнемдеу жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысуға қабілетті. Өндірісте бұйымдарды әзірлеу және дайындау процесін, оларды технологиялық жарақтандыру және автоматтандыру құралдарын ұйымдастыруға, бұйымдарды жобалау, дайындау, диагностикалау және бағдарламалық сынау процестерін іске асыру үшін технологияларды таңдауға қатысуға қабілетті.	Электротехника / Автоматика /

			Технологиялық машиналарды монтаждау мен қалпына келтірудің технологиялық картасын жасауға, әртүрлі өндірістік жағдайларда сенімді және өнімді жұмысты қамтамасыз ету үшін болжам жасауға қабілетті.	Технологиялық машиналарды монтаждау және пайдалану
			Өндірістік/диплом алдындағы практика студенттің ББЖ (бітіру біліктілік жұмысы) тақырыбына байланысты зерттеулер жүргізу дағдысын, тамақ және қайта өңдеу кәсіпорындарында ұйымдастыру-технологиялық міндеттерді шешу үшін өндірісте алынған тәжірибені пайдалана білуді қалыптастырады.	Диплом алдындағы практика/ Өндірістік практика
	ОН9 Энергия тиімділігі, сенімділік, қауыпсіздік және сапа талаптарын ескере отырып технологиялық техникалық пайдалану талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.		Эксперименттерді жоспарлау әдістерімен материалдарды өңдеудің технологиялық процестерін оңтайландыру бойынша білімін көрсетеді; Жұмыстарды орындау циклін қысқарту мүмкіндіктерін іздестіреді, кәсіпорын бөлімшелерін қажетті техникалық деректермен, құжаттармен, материалдармен, жабдықпен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі.	Машинажасау технологиясы
			Түрлі мақсаттағы көлік-технологиялық машиналарды, олардың агрегаттарын, жүйелері мен элементтерін пайдалану, жөндеу және сервистік қызмет көрсету кезінде табиғи ресурстарды, материалдарды энергия үнемдеумен байланысты практикалық міндеттерді шеше отырып, жылу есептеулерін жүргізе отырып, жылу алмасудың қазіргі заманғы проблемаларын шешу дағдыларын көрсетеді.	Жылу техникасы
			Технологиялық процестің ағындылығын ескере отырып, жабдықты орналастыруды жүргізе отырып, өндіріс жабдығын қайта құру немесе жоба бойынша машиналар мен аппараттардың технологиялық есептерін орындайды.	Технологиялық машиналар мен аппараттарды жобалау
			Машина жасау саласындағы сертификаттау және стандарттау бойынша рәсімдерді жүргізу бойынша нормативтік құжаттаманың стандарттарын, принциптерін,	Машина жасаудағы стандарттау және сертификаттау / Өзара

			әдістерін, түрлерін практикада қолданады. Бірыңғай төзімділік пен қону жүйесін құрудың жалпы принциптерін, қону сызбалары мен квалитеттерді белгілеуді қолдана отырып, бөлшектерді дайындау кезінде машина жасау сызбаларында есептеулер жүргізеді.	алмастыру, стандарттау және техникалық өлшемдер
			Көрсетілген жүйелерді жобалау, салу және пайдалану кезінде білуі қажет нормативтік құжаттардың талаптарымен жұмыс істеуге қабілетті. Азық-түлік және қайта өңдеу кәсіпорындарында ауаға қойылатын нормативтік талаптарды ұтымды іріктеуді жүзеге асыруға, оның дұрыс пайдаланылуын ұйымдастыруға, желдету және аспирациялық жүйелердің жабдықтарын тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге, микроклимат параметрлерін бақылауды оңтайлы жұмыс режимдеріне анықтауға және шығаруға қабілетті.	Қайта өңдеу өндірістерінің аспирациялық және желдеткіш қондырғылары / Тамақ өндірісінің желдету қондырғылары және ауаны баптау жүйелері
			Тоңазытқыш жабдықтардың жұмыс істеу принциптері, оны пайдалану және техникалық қызмет көрсету әдістері туралы білімді, сондай-ақ тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тоңазыту технологияларын ұтымды пайдалану дағдыларын меңгереді. Жылыту-салқындату жүйесі мен тоңазытқыш машинаның техникалық жағдайын бағалай алады, негізгі есептеулерді орындай алады және қажетті техникалық құжаттаманы жасай алады.	Тоңазытқыш техникасы және технологиясы / Тоңазытқыш машиналар және жылумен жабдықтау жүйелері
		Қорытынды	Инженер-механиктің, басшының, машина мен жабдық технологиясы өндірісінің шеберінің мақсаттарын, әдіснамасын және кәсіби қызмет әдістерін түсінеді. Оқытылатын білім беру бағдарламасының бейіні бойынша оқуды жалғастыру үшін алынған дағдыларды қолдануға қабілетті.	Қорытынды аттестаттау

7 Білім беру бағдарламасы бойынша қалыптастырылатын оқыту нәтижелері мен оқу пәндерінің өзара байланысы

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Қалыптастырылатын оқу нәтижелері (кодтар)										
				ОН$_{ЖББК1}$	ОН$_{ЖББК2}$	ОН$_{ЖББК3}$	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9
Жалпы білім беретін пәндер циклі Міндетті компонент															
1	Қазақстан тарихы	Бағдарлама бес тақырыптық блоктан тұрады: Ежелгі адамдар, көшпелілер өркениетінің қалыптасуы, Түркі өркениеті және Ұлы дала, Жаңа дәуірдегі Қазақстан (XVIII – XX ғ. басы), Кеңестік кезеңдегі Қазақстан, Тәуелсіз Қазақстан. Пән білім алушылардың – Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі уақытқа дейінгі дамуының негізгі кезеңдері туралы объективті білім беру.	5	+											
2	Философия	Осы бағдарлама "Философия" жалпы білім беру пәнінің жаңартылған мазмұнын зерттеуге, студенттердің бойында сананың ашықтығы, өзіндік ұлттық код, ұлттық сана-сезім, рухани жаңғыру, бәсекеге қабілеттілік, реализм және прагматизм, сыни ойлау, білімге ұмтылыс қасиеттерін қалыптастыруға, олардың әділдік, намыс, еркіндік және тағы басқа дүниетанымдық ұғымдарды игеруіне, сонымен қатар, толеранттық құндылықтарын, мәдениетаралық сұқбат пен бейбіт өмір сүру мәдениетін нығайтуға және дамытуға бағытталған.	5	+											
3	Дене шынықтыру	Осы бағдарлама дене шынықтыруды әлемдік білім беру стандарттарына сәйкестікте қарастыратын жалпы білім беретін "Дене шынықтыру" пәнін оқытуға бағытталған. Бағдарлама оқытушы мен білім алушының дене тәрбиесі барысында оқытудың барлық кезеңіндегі пәнді игеру деңгейіне қойылатын талаптар контексіндегі бірлескен ынтымақтастығын анықтайды.	8	+											
4	Әлеуметтік-саяси білім модулі	Осы бағдарлама әрқайсысысының өз пәні, терминологиясы мен зерттеу әдістері бар төрт ғылыми пәнді – әлеуметтану, саясаттану,	8		+										

	(әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	мәдениеттану, психологияны оқытуды көздейді. Аталған ғылыми пәндер арасындағы өзара әрекет ақпараттық толықтыру; біріктіру; осы пәндердің зерттеу ыңғайларының әдістемелік тұтастығы; нәтижеге бағытталған оқыту әдістемесінің жалпылығы; қалыптасқан қабілеттер ретінде нәтижелер типологиясын біртұтас жүйелік көрсету ұстанымдары негізінде жүзеге асырылады.													
5	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Бағдарлама "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" (бұдан әрі - пән) жалпы білім беретін пәннің жаңартылған мазмұнын зерттеуге бағытталған, сандық глобализация дәуірінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен маңыздылығын сыни түрде түсіну қабілетін қалыптастыру, жаңа "сандық" ойлау, әртүрлі қызметтік салада заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша білімдері мен дағдыларын қалыптастыру.	5			+									
6	Шет тілі	Осы бағдарлама жалпы білім беру циклінің міндетті пәндерінің бірі болып саналатын "Шетел тілі" пәнін оқытуды қамтамасыз етуге арналған. Бағдарламаның негізгі мақсаты шеттілдік білім беру үдерісінде студенттердің мәдениетаралық-коммуникативтік құзіреттерін жеткілікті (А2, жалпыеуропалық құзыреттер) және базалықжеткілікті (В1, жалпыеруопалық құзыреттер) деңгейлерінде қалыптастыру болып табылады. Білім алушының тілдік деңгейі дайындығына байланысты жоғары оқу орнына түскенге дейін В1 жалпыеуропалық құзыреттілік деңгейінен жоғары болса, курстың аяқталу кезеңінде В2 жалпыеуропалық құзыреттілік деңгейіне жете алады.	10			+									
7	Қазақ (Орыс) тілі	"Қазақ тілі" жалпы білім беру пәні бағдарламасы тіл үйренудің жаңа форматына және әлеуметтік-мәдени білімді қалыптастыруға, студенттің коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіруге, жеке әлеуетін дамытуға бағытталған. Осы бағдарлама үш тілділік және ұлттық сананы рухани жаңғырту мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру контекстінде тұлғааралық, әлеуметтік, кәсіби, мәдениетаралық қарым-қатынас	10			+									

		салаларында орыс тілінде танымдық және коммуникативтік қызметті жүзеге асыруға қабілетті білім алушының тілдік тұлғасын дамытуға арналған.														
Жалпы білім беретін пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті / Таңдау компоненті																
8	Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (Экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері)	Интеграцияланған пән экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық негіздерін қамтиды. Негізгі экономикалық тұжырымдамаларды, бизнесті жүргізу қағидаттарын, қызметтің құқықтық аспектілерін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздерін зерттейді. Қаржылық жоспарлаудың, жеке қаржы мен инвестицияларды басқарудың негізгі принциптерін қарастырады. Экономикалық шешімдерді тиімді қабылдау, құқықтық қорғау, тұрақты бизнес-құзыреттерді қалыптастыру және жеке қаржыны басқару дағдыларын дамытуға ықпал етеді.	5				+								
Базалық пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті / Таңдау компоненті																
9	Теориялық және қолданбалы механика	Пәннің мақсаты механиканың негізгі заңдарының білімі мен дағдыларын, материалдық нүктелер мен механикалық жүйелердің механикалық қозғалысының жалпы заңдылықтарын зерттеу. Білім алушылар механикалық жүйелердің тепе-теңдігі мен қозғалысын зерттеу әдістерінің негізгі дағдыларын, өндірістік міндеттерді талдауға, модельдеуге және шешуге мүмкіндік беретін есептеу схемаларын құрудағы механика принциптерін меңгерген	5					+							
10	Материалдар кедергісі	Пәннің мақсаты инженерлік конструкцияларды әзірлеу кезінде машиналардың бөлшектері мен олардың элементтерін есептеу әдістерін меңгеру және қолдану болып табылады. Білім алушылар механикалық жүйелердің тепе-теңдігі мен қозғалысын зерттеу әдістерінің базалық дағдыларын, сондай-ақ өндірістік міндеттерді талдауға, модельдеуге және шешуге мүмкіндік беретін есептеу	5						+						

		схемаларын құрудың механикалық қағидаттарын меңгерген														
11	Кәсіпорындағы экономика және жоспарлау	Курс Кәсіпорындағы экономика мен жоспарлау негіздерін зерделеуге, өндірістің техникалық-экономикалық деңгейін бағалау дағдыларын қалыптастыруға, өнім сапасының көрсеткіштерін және кәсіпорын қызметінің тиімділігін талдауға бағытталған. Білім алушылар ресурстық және еңбек шығындарын жоспарлау әдістерін меңгереді, сондай-ақ нарық жағдайында кәсіпорынның барынша тиімділігі мен тұрақтылығына қол жеткізу үшін өнімділікті арттыру, бизнес-процестерді оңтайландыру және бәсекеге қабілеттілікті арттыру стратегияларын әзірлейді	3				+									
12	Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі	Курс экономика, қоғамның әлеуметтік дамуы, қоршаған ортаны сақтау, адам өмірі мен денсаулығын қорғау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету принциптері туралы жүйелі түсінік қалыптастыруға бағытталған. Ұлттық стратегияларды әзірлеу және бизнес-процестерді жүзеге асыру; техногендік, табиғи және әлеуметтік тәуекелдерді талдау, болжау және азайту; эко-тұрақты өмір салты және өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау кезінде дөңгелек экономикада энергия мен қалдықтарды тиімді басқару дағдыларын дамытады.	5				+							+		
13	Жоғары математика	Пән математикалық есептерді, сызықтық және векторлық алгебра элементтерінің практикалық есептерін, математикалық талдауды, ықтималдықтар теориясын модельдеуге және шешуге мүмкіндік беретін математикалық аппаратты зерттеуге бағытталған.. Пәнді меңгергеннен кейін білім алушылар кәсіби қызметтегі есептерді шешу үшін математикалық әдістерді қолдана алады	5					+								
14	Физика	Пән негізгі физикалық заңдылықтарды және олардың технологияда қолданылуын зерттейді. Физиканың механика, молекулалық физика, термодинамика, электромагнетизм және оптика сияқты салалары қарастырылады. Эксперименттік зерттеулерде өлшеу әдістері зерттеледі. Нәтижесінде білім алушыларда физикалық процестерді түсіну және оларды техникалық жүйелер мен құрылғыларды әзірлеу мен талдауда	4					+								

		қолдану қалыптасады.													
